

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Спорт факультеті

Оқу-әдістемелік комитеті мәжілісінің
№4 Хаттамасынан үзінді

Түркістан қаласы

09.12.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы Е.Сейдахметов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Р.Нарықбай, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары С.Мамбеталиев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Асанов, Педагогикалық бағыт бойынша комитет төрағасы Т.Кулманбетов, «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының оқу-әдістемелік ісіне жауапты оқытушы-магистр Б.Баєтов, «Дене мәдениеті» кафедрасының оқу-әдістемелік ісіне жауапты оқытушы-магистр А.Тасболат.

Күн тәртібінде

1. ПОҚ-дың индикативті жоспарларының орындалу барысы.
2. Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын талдау.
3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау.
4. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы.
5. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау.
6. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы.
7. 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау.
8. Әртүрлі мәселелер:
 - 8.1. «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушысы, запастағы полковник Куанышбаев Бахытжан Жанадиловичтің осы оқу жылының жылдық жоспарына енгізілген «Әскери топография, инженерлік және әскери байланыс дайындық» атты оқу құралын талқылау.

Тыңдалды:

1. Факультеттің ОӘК төрағасы А.Асанов сөз алып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті. Бірінші мәселе бойынша факультет деканы Е.Сейдахметов ОПҚ-ның индикативті жоспарларының орындалу барысы туралы сұрады. Кафедра меңгерушілері Индикативті жоспарда көрсетілген жұмыстардың мерзімінде орындалу керек екенін әр ОПҚ-на ескерткендерін айтты.

Шешім: ОПҚ-ның индикативті жоспарларының орындалуы қадағалансын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайы талданды.

2025 жылы Спорт факультеті бойынша 107 - түлек бітірген, 50 - түлек жұмысқа орналасқан, 4 - оқу жалғастырған, 5 - әскер қатарына шақырылған, 2 - бала күтімінде - 57% пайызды құрайды, жұмысқа орналаспағандар - 46 түлек. Оның ішінде, **Бакалавр:**

6B01404 – «Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасы бойынша 16 - түлек бітірген, 5 - түлек жұмысқа орналасқан, 2 - оқу жалғастырған, 1 - әскер қатарына шақырылған, 1 - бала күтімінде - 56,2% пайызды құрайды, жұмысқа орналаспағандар - 7 түлек.

6B01405 – «Денешынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша 91 - түлек бітірген, 45 - түлек жұмысқа орналасқан, 2 - оқу жалғастырған, 4 - әскер қатарына шақырылған, 1 - бала күтімінде - 57,1% пайызды құрайды, жұмысқа орналаспағандар - 7 түлек.

Магистратура:

7M010404 – «Денешынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша 2025 жылы 2 түлек бітірген, оның ішінде 2 түлек жұмысқа орналасқан, **100%** пайызды құрайды.

Шешім: Бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуына ықпал ету мақсатында іс-шаралардың жол картасы әзірленсін және оны іске асыру назарға алынсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

3. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтап, бекітуге ұсыну жөнінде факультеттің оқу ісіне жауапты аға оқытушы Р.Нарықбаев сөз алып, кафедра тарапынан қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау бойынша кеңес өткізіліп, талқылағандары айтылды. Қорытындылай келе екі мамандық бойынша комиссиясы төрағасы болып Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Денешынықтыру және спорт» факультетінің деканы, п.ғ.к. Ахан Калыбаевич Демеуовті, комиссия мүшелері: «Бастапқы әскери дайындық» мамандығы бойынша Спорт факультетінің деканы, профессор Е.Е.Сейдахметов, «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының меңгерушісі, PhD, қауымдастырылған профессор Б.Ө.Ермаханов, запастағы подполковник, аға оқытушы С.Т.Мабеталиев және хатшы: Б.К.Баєтов, ал «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша «Дене мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы А.И.Алтынбеков, п.ғ.к., профессор Б.З.Абусейтов, п.ғ.к., профессор Ж.А.Қасымбеков және хатшы: магистр-оқытушы Е.М.Абуовтер комиссия құрамына енгізілгенін айтты.

Шешім: Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағасы мен комиссия құрамы бекітілсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

4. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы.

2025-2026 оқу жылындағы жоспары бойынша Спорт факультетіне қарасты «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» және «Дене мәдениеті» кафедраларының профессор-оқытушылар құрамымен 1 семестрде 9 пәннен ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар өткізіліп, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелері талданып, педагогикалық озық тәжірибе тарату мәселелері талқыланды.

Ашық сабақтарда дене шынықтыру, спорттық ойындар, ұлттық ойындар, жүзу, спорттық туризм, қазақ күресі, психологиялық дайындық бағыттары қамтылып, оқытудың заманауи әдістері қолданылды.

Сонымен қатар, жоспарға сәйкес 3 ішкі әдістемелік семинарлар өткізілді:

Барлық ашық сабақтар мен ішкі әдістемелік семинарлар жоспарға сәйкес толық орындалды, факультет оқытушыларының қатысуымен жоғары бағаланды.

Кафедра меңгерушілері негізгі қорытындылар бойынша есеп беріп, табысты оқыту әдістері мен жетілдіру қажет бағыттар туралы пікір білдірді. Талқылау барысында үздік тәжірибелерді тарату, әдістемелік семинарлар өткізу және оқытушылар арасында кәсіби ынтымақтастықты тарату, нығайту мәселелері көтерілді.

Шешім: Кафедра меңгерушілеріне келесі семестрде де сабақ сапасын арттыру, әдістемелік инновацияларды қолдану және сабақтарды өткізудің түрлі тәсілдерін кеңейту жақтары қарастырылсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

5. ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау.

Факультеттің ОӘК төрағасы А. Асанов білім беру бағдарламаларына енгізілген инновациялық оқыту әдістері мен технологиялары бойынша жүргізілген мониторингтің нәтижелерін ұсынып, олардың студенттердің оқу белсенділігін арттырудағы рөлін атап өтті.

Кафедра меңгерушілері қолданыстағы оқыту әдістерінің тиімділігін талқылап, цифрлық ресурстарды кеңінен қолдану және интерактивті оқыту тәсілдерін одан әрі дамыту қажеттігін білдірді. «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының меңгерушісі, PhD, қауымдастырылған профессор Б. Ө. Ермаханов онлайн платформалардың мүмкіндіктерін кеңейтуге басымдық беру жөнінде ұсыныс жасады. Ал «Дене мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы А. И. Алтынбеков білім алушылардың практикалық құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған әдістерді күшейту қажеттігін атап өтті.

Шешім: Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері мақұлданды. Кафедралар заманауи оқыту тәсілдерін жетілдіру жұмыстарын жалғастырсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

6. Бағдарламалық аккредиттеу нәтижелерін талдау, институционалдық аккредиттеу бойынша, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы.

Білім беру бағдарламалары бойынша аккредиттеу қорытындылары ұсынылып, негізгі нәтижелер талқылауға шығарылды. Талқылау барысында аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету, білім беру сапасын арттыру және постмониторинг шараларын жүйелі түрде ұйымдастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Кафедра меңгерушілері аккредиттеу бағалау нәтижелерін зерделеп, күшті жақтар мен жетілдіруді қажет ететін бағыттарды айқындады. Оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыру, оқу бағдарламаларын жаңғырту және басқарушылық үдерістерге өзгерістер енгізу бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Шешім: Білім беру бағдарламаларының аккредиттеу нәтижелерін талдау және институционалдық аккредиттеу аясында постмониторинг іс-шараларын ұйымдастыру бекітілсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

7. 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау.

Мәжілісте 2025-2026 жылына мемлекеттік білім грант бөлуге дайындық мақсатында университеттің ақпараттық картасына енгізілетін білім беру бағдарламаларының тізімі ұсынылды, бағдарламалардың ұлттық білім беру басчымдықтарына сәйкестігі ерекше назарға алынды.

Факультете деканы Е.Сейдахметов университеттің стратегиялық даму бағыттарына сәйкес білім беру бағдарламаларының өзектілігін қарастыру қажеттігін айтты. Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Р.Нарықбай кафедралар ұсынған оқу бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын талдаудың маңыздылығына тоқталды.

Кафедра меңгерушілері өз салалары бойынша ұсынылған бағдарламаларға қатысты пікір білдірді. «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының меңгерушісі Б.Ермаханов гуманитарлық бағыттағы бағдарламаларға сұранысты атап өтсе, «Дене мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі А.Алтынбеков спорт саласына қатысты бағдарламаларының еңбек нарығына сәйкестігін күшейту керектігін айтты.

Талқылау нәтижесінде ұсынылған білім беру бағдарламалары қаралып бекітуге ұсынылды.

Шешім: 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім грантын бөлуге дайындық мақатында университеттің ақпараттық картасына енгізілетін білім беру бағдарламаларының тізімі бекітілсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

8. Әртүрлі мәселе бойынша

8.1. Спорт факультеті ОӘК төрағасы А.Асанов сөз алып, аға оқытушы Б.Куанышбаевтың осы оқу жылының жылдық жоспарына енгізілген «Әскери топография, инженерлік және әскери байланыс дайындық» атты оқу құралымен қысқаша таныстырып өтіп, пікірлерді тыңдауға кезек берді.

Одан әрі факультеттің Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Р.Нарықбай: «Ұсынылып отырған оқу құралы - «Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасы саласына арналған кең ауқымды материалдарды қамтитын, жүйелі әрі ғылыми негізінде құрастырылған еңбек. Оқу құралының мазмұны Әскери топография, инженерлік және әскери байланыс дайындық құрылымын жан-жақты қарастыруымен ерекшеленеді және де теориялық ұғымдар терең талданған», - дей келе университеттің Оқу - әдістемелік комитетіне қаралуға ұсыныс жасады. Ұсыныс қолдау тапты.

Шешім: «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушысы, запастағы полковник Куанышбаев Бахытжан Жанадиловичтің осы оқу жылының жылдық жоспарына енгізілген «Әскери топография, инженерлік және әскери байланыс дайындық» атты оқу құралы университетінің Оқу-әдістемелік комитетіне қаралуға ұсынылсын.

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



А.Асанов